

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ  
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т  
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі  
20 \_\_ ЖЫЛҒЫ «\_\_» \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Астана, Мажилис Парламента  
«\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

2023 жылғы 3 мамырда жарияланды

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі  
Ә.А. Смайыловқа

## ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Әлихан Асханұлы!

Адами капитал кез-келген мемлекет үшін тұрақты эконо-микалық өсудің негізгі қозғаушы күші болып табылады.

Дүниежүзілік Банктің есептеулеріне сәйкес, дамыған елдерде ұлттық байлықтың 70%-ын адами капитал құраса, қалған 30% табиғи және өндірілген ресурстардан құралады. Батыс Еуропада адами капиталдың үлесі 70-80% құрап отыр<sup>1</sup>. Қазақстандағы бұл көрсеткіш тек 40% төңірегінде. БҰҰ өткізетін Адам дамуы индексіне сәйкес, 2021 жылы Қазақстан әлемнің 191 елі арасында тек 56-орында<sup>2</sup>. Көрсеткіш 2018 жылдан бері төмендеп келеді.

Ағымдағы жылғы 30 наурызда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мәжілістің жалпы отырысында еліміздегі адами капиталды дамытудың маңыздылығына тоқталып, осы бағыттағы жұмысты дәйекті және жүйелі түрде арттыру қажеттігін мәлімдеді.

Бүгінгі таңда елімізде адами капиталды дамыту бойынша **ортақ көзқарас жоқ екенін** атап өткім келеді. Бұл бағытты реттейтін **бірыңғай стратегиялық бағдарламалық құжат жоқ**.

Бұған қоса:

- білім алуға қол жеткізудегі теңсіздік (ауыл-қала);
- кәсіптік даярлыққа жеткілікті түрде көңіл бөлмеу;
- білімге деген төмен мотивация;
- денсаулық пен әл-ауқатқа жеткілікті түрде көңіл бөлмеу;

<sup>1</sup><https://fundamental-research.ru/ru/article/view?id=38140>

<sup>2</sup><https://hdr.undp.org/data-center/specific-country-data#/countries/KAZ>

– техникалық дағдыларды дамытуға жеткіліксіз көңіл бөлу сияқты проблемалар бар.

Ертеңгі күндері мұнай және тағы басқа пайдалы қазбалар таусылады, сондықтан да қазіргі күннен бастап Үкімет жоғары білікті жұмыс күшін қалыптастыру бағытында білім беруді, кәсіптік оқытуды және әлеуметтік саланың дамыту стратегиясын өзгертуі қажет.

Әлемдік тәжірибеде инвестицияны адамға жұмсау тамақтану сапасын, медициналық көмекті жақсарту, сапалы білім беруді қамтамасыз ету, жұмыс орындарын құру және кәсіби дағдыларды үйрету арқылы жүзеге асырылады. Өзінің адами капиталды ұлғайту бойынша қызметінде **күш-жігерді жүйелі түрде** табыспен қолданған, **ведомствоаралық үйлестіруді** дұрыс жолға қойған және **стратегиялар** мен бағдарламаларды **әзірлеген** елдер ең үлкен прогреске қол жеткізді.

Осыған орай, **Адами капиталды дамыту бойынша Ұлттық бағдарлама** әзірлеуді ұсынамын. Бұл бағдарламада адами капиталды құрайтын бөліктердің барлығы қамтылуы тиіс: бала тәрбиелеу, оқыту және кадрларды даярлау, біліктілікті арттыру, отандық білімді дамыту, денсаулық және басқа медицина көрсеткіштерін жақсарту, еңбек жағдайларын жақсарту бойынша индикаторлар мен нақты шараларды қабылдау қажет. Сонымен қатар, ортақ міндеттерді жүзеге асыру барысында ведомствоаралық қатынасты нығайтқан жөн.

Депутаттық сауалға Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жазбаша түрде белгіленген уақытта жауап беруді сұраймын.

**Құрметпен, «RESPUBLICA»  
партиясы фракциясының  
депутаттары**

**О. Құспеков  
Р. Берденов  
А. Қожаназаров  
Д. Наумова  
Н. Тау  
Д. Шүкіжанова**

Орынд. К.Алпысбаева  
Тел. 746201